

# Ареология

Орындаған: БКО-405

Артық Нұргүл





Ареал — (лат. area – алаң, кеңістік) – өсімдіктер мен жануарлар түрінің, туысының, тұқымдасының құрлықта не судағы таралған аймағы; берілген таксон таралып және оның дамуынын толық циклі өтетеін жердің немесе теңіздің беті (түр, топ, қатар және т.б.).

- Ареал онда ағзалар соның бойымен немесе бірқалыпты орналасса ол тұтас болады, егер ағзалардың таралуы екі немесе бірнеше бір-бірінен оқшауланған аймақтармен шектелсе онда бөлінген болады. Ареалдар космополитті олар жер шарының көптеген аумағын алып жатыр. Өсімдіктердің эндемикалық түрлері осыларға қарама қайшы келетін жіңішке ареалдар бөледі; жер бетінде қандай да бір табиғи құбылыстың (жануарлар, өсімдіктер, пайдалы қазбалар түрлері және тағы да басқалары) таралған атырабы; физикалық және қоғамдық географияда қолданылатын ұғым. Мысалы, биогеографияда Ареал — тірі организм топтарының (түрдің, туыстың және тағы да басқалары), экономикалық географияда — әр ауыл шаруашылығы да немесе өнеркәсіп саласының таралған атырабы және тағы да басқалары.

# Ғалымдар анықтамасы

- ▣ Бабринский түрлердің өмір сүру жағдайында жиі кездесіп тұратын территорияны немесе акваторийді **ареал** деп атайды.
- ▣ Панфилов түрлердің өмір сүру циклі толық аяқталғанға дейінгі тұратын жерін – **ареал** деп атайды.





## Ареал түрлері

Бастапқы Ареал – бір түрдің ең алғаш ерекше қалыптасқан аймағы. Бұл түрдің дәуірлеп, жаңа аймақтарда таралуы арқасында ол кеңейеді, ал азайып, жойылуы нәтижесінде тарылады

Тұтас ареал – бір түрдің тіршілік етуіне қолайлы мекендерге таралуы

Реликті Ареал – ертеде кең таралған түрлердің кейін әр түрлі себептермен тіршілік ету аймағы тарылып, шағын аумақтарда сақталып қалуы (Шығыс Қытайда ғана кездесетін жалғыз түр – гинко ағашының сақталуы)

Космополитті ареал– кейбір өсімдіктер мен жануарлардың жер шарына жаппай таралуы (мыс., үй шыбыны, су егеуқұйрығы, т.б.)

## Эндемикті ареал

Эндемикті ареал – өсімдіктер мен жануарлардың шектеулі аймақтарды ғана мекендеуі [мыс., Жетісу аяқты балығы Жетісу (Жоңғар) Алатауының 1800 – 2500 м биіктіктегі бұлақтарында ғана кездеседі].




Рис. 5. Кассиопей эндемикті ареал



Космополитті ареал– кейбір өсімдіктер мен жануарлардың жер шарына жаппай таралуы (мысалы: үй шыбыны, су егеуқұйрығы, т.б.)



Рис. 1. Космополитті орляктік панорониктің ареалы: 1 – таралу аймағы; 2 – таралу аймағының шекарасы; 3 – түрдің аз кездесетін аймағы.



# Ареалдық тәсіл

- ▣ Қандай да болмасын құбылыстың үздіксіз, тұтас (мысалы, мұзбасудың) немесе шашыранды (мысалы, жануарлардың жеке түрлерінің, мысалы, тиін, солтүстік бұғысы және тағы да басқалары) таралу атырабын шекаралық сызық, бояу немесе түрлі сызықтар арқылы көрсететін картографиялық тәсіл.

- Ареалдары адамның әр түрлі әрекеттерінің (тың жерлерді егістікке айналдыру, ормандарды кесу, шөлді жерлерді суландыру, батпақтарды құрғату, т.б.) нәтижесінде өзгеріске ұшырауда.
- Нақтылы ареалдың сипаттамасы картаға түсіру арқылы анықталады. Ареал карталары ғылыми, денсаулық сақтау, шаруашылық мақсатта кеңінен қолданылады.